

Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы экономикалық ынтымақтастықты тереңдету туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 қарашадағы N 1392 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 мамырдағы N 439 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.12 N 439 Қаулысымен.

Жапония Үкіметімен және оның іскер топтарымен экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жұмыстарды жандандыру, Жапонияға үкімет делегациясының сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі практикалық шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-жапон үкіметаралық комитетінің қазақстандық бөлігі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-жапония үкіметаралық комитетінің қызметіне Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жауапты деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Министрліктің орталық аппаратының құрылымын жасау кезінде орталық аппарат қызметкерлерінің белгіленген саны шегінде дербес бөлім құруды көздесін, оған экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-жапон комитеті хатшылығының функциясын жүктесін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп (Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Елшілігімен байланыса отырып) 1996 жылдың 1 желтоқсанына дейін 1997 жылы Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлесін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет аппаратының құрылымында Жапония Үкіметі мен оның қаржы ұйымдары тарапынан ресми даму көмегін қолдау жөніндегі сектор болуын көздесін.

5. Сыртқы істер министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп Қазақстан

Республикасының Жапониядағы Елшілігінің саны мен құрылымын айқындау кезінде Елшілік құрамында Жапония мен Қазақстан арасындағы экономикалық ынтымақтастық жөнінде арнаулы бюро құруды көздесін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 15 қарашадағы
N 1392 қаулысына

қосымша

**Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі
қазақстан-жапон комитетінің**

ҚҰРАМЫ

- Шүкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасының Экономика министрі, төраға
- Ертілесова Ж.Ж. - Қазақстан Республикасының Экономика министрінің бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары
- Храпунов В.В. - Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрі
- Балғымбаев Н.Ө. - Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрі
- Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі
- Дәукеев С.Ж. - Қазақстан Республикасының Геология министрі
- Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы
- Ізтілеуов Б.І. - Қазақстан Эксимбанкінің төрағасы
- Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары
- Сәйденов А. - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)
- Қанапиянов С.М. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Сыртқы байланыстар бөлімінің меңгерушісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК